

**«Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі
Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-ның 2021-2022 оқу жылына
арналған тәрбие жұмысының талдауы**

Тәрбие жұмысының мақсаты: оқушының дүниетанымдық қабілетін қалыптастыру және дамыту арқылы оқу мен тәрбие жұмысында жаңашыл іс-әрекетпен шығармашыл тұлға тәрбиелеу.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие
2. Отбасы тәрбиесі
3. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбие
4. Рухани-адамгершілік тәрбие, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
5. Ұлттық тәрбиесі
6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
7. Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие

Тәрбие үдерісі - бұл тұлғаның тәрбиелік деңгейі, ол оқушының қоршаған әлеуметтік ортамен және жалпы қоғаммен әрекеттестікке дайындығымен сипатталады. Осы дайындықты анықтау және айқындау үшін диагностика-оқушының даму үдерісі мен нәтижелеріне талдау жүргіземіз. Ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеу мақсатында сынып жетекшілер оқушының тәрбиелік деңгейін бақылайды.

Мектепте 1-11 сынып аралығында 12 сынып комплектісі бар. Жалпы 148 оқушы білім алған.

Тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру мақсатында мектепте сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмыс жүргізеді. Сынып жетекшілердің барлығы жоғары білімді, бірлестік бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарды. 2021-2022 оқу жылы құрылған жоспарға сай іс-шаралар өткізілді.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие.

Әлемді бағындырған чемпион жерлестеріміз!

11қараша күні мектебімізге Қазақстанның мерейін көтеріп, көк туын желбіреткен кикбоксингтан екі дүркін әлем чемпионы жерлесіміз Шагбан Ерлан сондай-ақ Қуандықов Батырхан Қайратұлы бапкерлерімен қатар ауыл азаматтары келіп оқушылармен кездесіп, қол таңбаларын қалдырды.

Мектебіміздің психологі Ж Смагулова 5 сыныппен бейімделу және біз **буллинг**ге қарсымыз сабақтары өткізді.

Бүгін мектебіміздің 5"Ә" сынып оқушыларымен күзгі демалыс кезінде құрылған жоспарға сәйкес **"Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын"** тақырыбында тәрбие сабағы өтті.

Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында кездесу өтті. Кездесуге Қорғалжын аудандық полиция бөлімінің ЖТІҚБ КТІЖ аға инспекторы полиция капитаны Сайлау Ә.А. , Қорғалжын ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік- құқықтық жұмысы бөлімінің бас маманы

Мухаметова О.С. және Қорғалжын аудандық білім бөлімінің бас маманы Әшімова А.Т. қатысып, 7-11 сынып оқушыларымен құқықбұзушылық туралы пікірлесті. Кездесу барысында "Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу" тақырыбында баяндама оқылды. Оқушылар тақырып төңірегінде сауалдар қойып, қажетті ақпараттар алды. Кәмелеттік жасқа толмаған балаларға ата-ананың ерекше рөлі және жауапкершілігі де тілге тиек болды. Тиімді кездесу барысы оқушыларға мол әсер етті.

2. Отбасы тәрбиесі

Ата-аналармен өткізілген ашық алаң.

Мектебімізде жоғары сынып оқушылардың ата-аналарымен "Бала тәрбиесі - баршаға ортақ" тақырыбында ашық алаң өткізілді, құқық бұзушылықтың алдын алу, әлімжеттік, зорлық -зомбылық, қауіпсіз интернет жөнінде ой бөлісіп, ата-аналарға қажетті ақпараттар берілді. Мектеп психологі Ж. Смагулова ата-аналардың көңіл күйін көтеру мақсатында ашық алаң барысында тиімді ойын түрін өткізіп, жақсы көңіл сыйлады, бейнеролик көру арқылы тақырыптың мазмұнын аша түсті, ата-аналар өз ойларымен бөлісті, мектеп медбикесі Г. Касымова білім алушылардың денсаулығы жөнінде ата-аналарға кеңестер айтты.

16 қараша күні Кузембаева Г.Н ұйымдастыруымен 9 сынып оқушылары мен **ата-аналардың** қатысуымен "Әке мен бала" тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Сабақтың мақсаты: отбасындағы әкенің орнын түсініп, оған деген қажетті қаді -қасиет сезімін тәрбиелеу болып табылады.

18-мамыр күні мектебімізде "Бастауышым-балбұлағым" тақырыбында бастауышпен қоштасу ертеңгілігі өткізілді, мұғалімі Нуржигитова Г.О. Ертеңгілікке ата-аналар мен ұстаздар қатысып, оқушылардың өнерлерін тамашалады.

1 маусым -балаларды қорғау күні аясында мектебімізде өткізілген іс-шараға Қарашалғын ауыл округі тарапынан демеушілік көрсеткен Жұмағали ағайға және ауыл тұрғыны Гүлнұр апай. Бүлдіршіндерге жақсы көңіл күй сыйлау мақсатында Нұр-Сұлтан қаласынан аниматорлар келіп, балалармен іс -шараны қызықты, әрі көңілді өткізді.

3. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты, өмір қауіпсіздігі тәрбие бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

19-қараша Халықаралық темекіден бас тарту күні қарсаңында 7а сынып оқушыларымен "Темекінің адам ағзасына зияны" атты тәрбие сағаты ұйымдастырылды, жетекшісі Тажмағанбетова Ж.О.

2022 жылдың 26 наурыз күні Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің аясында Қорғалжын аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен қыздар арасында баскетбол жарысы өткізілді. Жарысқа аудан мектептерінен 5 команда қатысты. Жантеке ауылының ЖОББМ командасы ІІ жүлделі орынды иеленді.

23-сәуір күні мектебімізде жауынгер интернационалист Смаилов Сағындық Садықұлын, Темешбаев Елеусіз Темешбайұлын еске алу мақсатында аудандық баскетбол турнирі өткізілді, аудан мектептерінен 6 команда қатысып, жүлделі 1 орынды Жантеке мектебі, 2 орынды Қорғалжын мектеп гимназиясы, 3

орынды Кенбидайық мектебі иеленді. Осындай игі іс шараға аудандық маслихат депутаты Досанбаев Бекет Анарбайұлы және Жанаевтар жанұясы демеушілік жасады, турнир барысында ауған ардагерлерімен оқушылар сұхбаттасып, өнеге сабағын өткізді. Ұйымдастырған АӘД мұғалімі Нуртазин Қайрбек Ермекұлы.

27 сәуір күні мектебімізде 5-11 сынып оқушылары арасында **өз -өзіне қол жұмсаудың** алдын алу іс-шаралары, **хиджап** кию мәселелері, **жол жүру** ережелері бойынша Қорғалжын ауданы полиция бөлімінің аға инспекторы полиция капитаны Ә. Сайлау, аудандық білім бөлімінің бас маманы А. Ашимовамен кездесу өтті, кездесу барысында оқушылар көкейлерінде жүрген сауалдарына жауап алды. Сонымен қатар, мектеп медбикесі Г. Касимова, психолог Ж. Смагулова баяндама оқыды.

4. Рухани-адамгершілік тәрбие, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

"Жырларым менің сөйлесін"

13 қазан күні мектебімізде қазақ радиосына өзіндік үлес қосқан журналист, ақын, жазушы жерлесіміз Смағұл Рахымбекті еске алу кеші ұйымдастырылды. Осы кешке ақынның әріптестері Кенже Жұмағұлов, Берден Қабылов, Базаргүл Умбетова, Күлаш Молдахметова, ағасы Қазбек Масабаев, інісі Бейбіт, Жанболат, құдағиы Баян Қойшанова, ақынның жұбайы Әлия апай мен қызы Сайран, Жантеке ауылының ақсақалдар алқасының төрағасы Имашев Қинаят ағай қатысты. Еске алу кешінде мектеп оқушылары ақынның жыр шумақтарын тарту етті. Бүгінгі ұрпаққа үлгі болар ақынның өшпес істерін келген қонақтар еске алып, жазушының еңбектері жайлы сыр шертті. Нұр-Сұлтан қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ҰУ журналистика факультетінің оқытушысы К.Жұмағұлов мектеп кітапханасына құнды кітаптарды табыстады. Жыл сайын дәстүрге айналған еске алу кеші Смағұл Рахымбекке жасалған үлкен құрмет деп білеміз.

Жерлес ақынымыз Баян Амангелдіқызының дара жолы.

Мектебімізде бүгін тілдер апталығы аясында мектебіміздің түлегі жерлесіміз ақын Сейсембаева Баян Амангелдіқызымен кездесу өтті. Кездесу барысын "Дара жол" бағдарламасы тізбегімен ұйымдастырды. Кездесуден алар тәлім-тәрбие өте зор, ақынның туындыларын оқушылар жатқа оқып, сөзіне жазылған ән де орындалды. Осындай өнегесі мол іс-шараны ұйымдастыруға ұйытқы болған қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Нығыманова Шолпан Елтайқызы. Бастауыш кәсіподақ ұйымы атынан Баян Амангелдіқызына сыйлық табысталды. Кездесуге қатысқан ардагер ұстаздарымыз Шинкеева Гүлнар Сұлтанқызы, Алдашева Мамила Хамзеқызы және ақынның жерлесі ұстазымыз Ермаганбетова Рысты Шайхислямқызы қатысып, өз ойларымен бөлісті. Ақынның қолөнер туындылары мен марапаттарына арналған көрме де орын алды.

29 сәуір күні 1 мамыр- Қазақстан халықтарының бірлік күніне орай "Бірлігіміз жарасқан" тақырыбында мерекелік концерт өтті. Концертке қатысқан «Жас Ұлан» ұйымының белсенділерінің ұйымдастыруымен 5-11

сынып оқушылар әр ұлт өкілдерінің ұлттық киімдерін киіп, өнерлерін ортаға салды.

5. Ұлттық тәрбиесі.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай мектебіміздің 5 сынып яғни, 22 оқушысы "Жас Ұлан" бірыңғай балалармен жасөспірімдер ұйымына қабылданды.

"Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының кезекті сайлауы өтті. Ұланбасына 9 сыныптың екі оқушысы өз бағдарламаларын ұсынып сайлауға түсті, жалпы сайлауға 96 пайыз оқушы қатысты. Сейтжанова Назым 43 % жинаса 55% дауыс жинап жеңіске Шаукенова Жанеля жетті.

Мектебімізде Жаратылыстану бағытындағы апталық қарсаңында биология пәні мұғалімі Смагулова Айгерім Қазбекқызы өте тәлімі мол, тиімді іс шара өткізді "Дара жол!" Әркімнің өз дара жолы бар" оны кәсіби шеберлікті шыңдауда ойы мен сөзі бір және ісінен айқын көрініп тұратынын, өзі үшін емес өзгелер үшін, жас ұрпаққа және әріптестеріне, еліне, ұлтына берер пайдасы туралы дәріптеу. Ұстаздар бойындағы мүмкіндіктің ашыла түсуіне, шабытына шабыт қосуға, өзіне ғана тән адами қасиеттерін әріптестерімен және оқушылармен бөлісу мақсатында мектебімізде 30 жылдан аса еңбек етіп келе жатқан ардагер ұстаз, физика пәнінің мұғалімі Нұрбек Далабайұлы мен математика пәні мұғалімі Рысты Шайхислямқызына арналды.

12 ақпан күні Қорғалжын аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен Амангелдәу ауылының жалпы орта білім беретін мектебі аясында «Тіл дарыны» аудандық сайысы өткізілді. Сайысқа ауданның 12 жалпы орта және негізгі мектептері қатысты. Арнайы білім бөлімі басшысының бұйрығымен бекітілген комиссия мүшелері ережеге сәйкес сайысқа қатысушы оқушыларды бағалады. Сайыстың бірден-бір мақсаты жастар арасында үштілділікті дамыту. Сайыс соңында үш тілді еркін меңгерген оқушылар топ жарып жеңімпаздар анықталды. Шара соңында жеңімпаздар мадақтама мен сыйлықтармен марапатталды. Атап айтсақ 9-сынып оқушысы Моллюкова Людмила 1 орынды ие болды.

5-ші мамыр күні Отан қорғаушылар мен жеңіс күніне арналған "Жігіт сұлтаны -2022" атты ер балалар арасында сайыс өтті. Сайысқа 7-10 сынып оқушылары қатысты. Оқушылар номинация бойынша марапатталды.

6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.

13-22 қыркүйек аралығында – Қазақстан халықтарының Тілдері күніне орай келген тілдер мерекесінің 10 күндігі аталып өтті. Бұл 10 күндікте ағылшын, орыс, қазақ тілі пәндерінің мұғалімдері ұйымдастырған түрлі іс-шаралар өз дәрежесінде қызықты да тартымды болып өтті.

"Жас тарихшылар мен өлкетанушылардың" облыстық зерттеу жұмыстары мен ғылыми жобалар байқауының "Жергілікті туризм" номинациясы бойынша 8 сынып оқушысы Мухтар Әліби II орынға ие болды. Ғылыми жетекшісі: география пәні мұғалімі Қошқарбаева Маржан Болатқызы

1992 жылдың 4 маусым күні - ел тарихындағы ерекше мәртебелі күн. Бұл күні тәуелсіз еліміздің атынан әлем алдында сөйлейтін тарихымыздағы тұңғыш ресми белгілерге айналды.

Осыған орай жазғы лагерінде рәміздер күнінің 30 жылдығына орай "Рәмізім-мақтанышым" тақырыбында тәрбиелік іс-шара өтті.

17 маусым күні "ТҮЛЕК 2022- Жаңа Қазақстанның ертеңі" тақырыбында мектеп түлектерінің кеші өтті. Мектеп түлектеріне ауыл әкімі Ә. Тажмаганбетов құттықтау лебізін білдірді. Ата-аналар тарапынан Алтын ұя мектептеріне түлектер атынан кітап сыйға тартылды.

7. Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие.

Кітап – адамзат баласының баға жетпес асыл құндылығы. Білім мен мәдениеттің биік белестеріне жетелейтін – тәрбие құралы демекші мектебімізде "Оқуға құштар – мектеп, оқуға құштар – ұлт" жобасы іске асырылуда. Мақсаты білімді де, білікті оқушыларды тәрбиелеу.

5 маусым күні өтетін Республикалық референдум туралы түсіндірме жұмысы жүргізілді. Ата Заңымыз Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Әр Қазақстан елінің перзенті елдің болашағы үшін референдумға үлесін қосуы керек, мектеп ұжымы тегіс осы бастаманы қолдайды. Ел, халық мүддесі үшін жасалған қадамға.

Мектепте ата-аналар мен оқушыларға арналған сенім телефондары орналасқан бұрыш бар.

Мектеп директоры: Асанова Қарлығаш Абдулхамитовна ұялы телефон: 87787826475 және ватсап нөмірі: 87780820112

Тәрбие ісінің орынбасары Кенжибаева Ақтолқын Талғатқызы ұялы, ватсап телефон нөмірі: 87785858461

Мектеп телефоны: 33-6-38, эл. почта kuzyltus@mail.ru

Қорытынды:

Қорыта келе, сыныптар бойынша тәрбие жұмысының 7 бағыты бойынша іс шаралар жүзеге асырылды, атқарылған іс шаралар, тәрбие сағаттары талқыланып, тиімділігі мен пайдасы туралы ойлар қорытыланды. Тәрбие жұмыстары жөнінде мектептің әлеуметтік фейсбук желісінде, мектеп сайтында жарияланып, ақпараттар ұсынылды.

Ұсыныс:

- 1) Салауатты өмір салтын ұстану бағыты бойынша мектепшілік сайыстарды жүйелі әрі ауқымды ұйымдастыру;
- 2) Ұлттық валюта күніне орай тәрбие сағаттарын ауқымды өткізуді назарға алу;
- 3) Мектепшілік ата-аналар семинарын ұйымдастыру.



Мектеп директоры

Қ.Асанова

«Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-ның 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының қорытынды сараптамасы

2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысының жоспары 7 бағытты қамтыды:

- 1) Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие
- 2) Отбасы тәрбиесі
- 3) Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты
- 4) Рухани-адамгершілік тәрбие, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- 5) Ұлттық тәрбиесі
- 6) Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
- 7) Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие

Жаңа оқу жылына арналған "Сыңғырла,қоңырау" атты салтанатты жиын өткізілді, жиынға Қорғалжын аудан әкімінің орынбасары Сабырғали Дастан Сабырғалиұлы, ауыл әкімі Тажмаганбетов Әділхан Шәріпжанұлы қатысып, бүлдіршін шәкірттерге сәттілік тілеп, ізгі құттауын білдірді. Сыныптарда "Терең білім: еңбекқорлық және отаншылдық қасиет" тақырыбында білім сабағы ұйымдастырылды. 1қыркүйек 6-11 сынып арасында Қорғалжын ауданының ПБ учаскелік инспекторы полиция капитаны Н.Т . Аскарров мектеп оқушыларымен кәмелетке толмағандарға қатысты, оның ішінде қолсұғушылыққа қарсы жасалатын қылмыстардың профилактикасы жөніндегі жұмыстың жай-күйі туралы құқықтық білімдері және заң алдындағы жауапкершіліктерін арттыру мақсатында, жасөспірімдерді қылмыстық әрекеттерден бойларын аулақ ұстауға шақырды. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыс жасау бүгінгі қоғамның күн тәртібінен түспейтін түйткілді мәселе екендігі туралы түсінік жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар зорлық-зомбылықты болдырмау мақсатында біршама түсініктер берілді. Жиналыс барысында қылмыстың алдын алу, баланың бұрыс жолға түспеуі, ата-ананың берген дұрыс бағыт бағдарын қабылдай білуі жайлы айтып өтті ."**Зорлық зомбылыққа жол жоқ**" кеңес барысында отбасылық-тұрмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуды күшейту жөніндегі шаралар, құқық қолдану практикасы мәселелері, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы заңнаманы жетілдіру. Жаднама мақсаты тұрмыстық зорлық-зомбылық-елеулі әлеуметтік зардаптар проблемасы екенін атап өтіп, топтың әрбір мүшесі заң халыққа түсінікті болуы, әйелдер мен балаларға медициналық, құқықтық және психологиялық көмек көрсету қолжетімді және тұрақты негізде жүргізілуі тиіс, біздің мақсатымыз халықтың менталитетін өзгерту бойынша жаңа тәсілдерді іздеу, осы мәселеге көзқарасты өзгерту болып табылатынын ескерген жөн. 25-ші қазан Республика күніне орай 8-11 сынып оқушылар арасында «Менің Отаным- Қазақстан» атты эссе байқауы өтті. Байқау нәтиже бойынша ең үздік үш оқушы дипломмен марапатталды. Жауапты: қазақ тілі пән мұғалімдері Нығыманова Ш.Е, Толеубекова А.Н. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға көмек көрсету кабинетінде аудандық семинар өтті. Іс-тәжірбие алмасу мақсатында ұйымдастырылған семинарға аудандық білім бөлімінен оқу әдістемесінің бас маманы Нарын Аяжан Серікқызы, психолог, логопед және әлеуметтік педагог мамандары, сонымен қатар мектептегі қамқоршылық кеңес төрайымы Алиева Айжан Қайратқызы қатысты. Семинар соңында қатысушылар ой бөлісті. 14 желтоқсан күні «Жас Қыран» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының салтанатты жиыны өтті. Жас қыран ұйымына 3 «А» сынып оқушылары қабылданды. Салтанатты төсбелгі тағу рәсіміне келген ата-аналар мен әжелер қатысты. Сынып жетекшісі Асанова М. А. Мектептің бірінші қабатында 16 желтоқсан күніне арналған «Тәуелсіздік таңы мәңгілік!» атты оқушыларға арналған ақпараттық бұрыш ұйымдастырылды. Мектебіміздің әлеуметтік педагогі Тынысбек А.Ж 5"А",9"А",10"А"сынып оқушылар аралығында оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен

таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтары біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында "Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу" тақырыбында тест алынды. "Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің 2023 жылдың 26 қаңтар күнгі нөмірі 30 шығыс хатына сәйкес кәмелетке толмаған **жасөспірімдердің құқығын қорғау** жөнінде мектебімізде жаппай ата - аналар жиналысы өтті. Жиналыста жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, тәртіп пен тәрбие жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің құқық бұзушылыққа жол бермеу мақсатында 6 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды. Бейне ролик көрсетіліп өмірлеріне қауіп төнетін зиянды заттарды қолданбау, яғни атап айтсақ электрондық темекі әртүрлі энергетикалық сусындарды қолданбау жайлы түсінік берілді. 20-шы ақпанда 6 сынып оқушыларымен **"Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ"** тақырыбында адалдық сағаты өтті. Мақсаты: Адалдық пен шындықтың адами қарым-қатынастағы мәнін түсіндіру. Сабақтың барысында ары таза адал адам мәнді өмір сүреді. Оның ішінде Отанына, отбасына, қоғамға адалдық адамның өзіне, өзгеге, болашаққа деген сеніммен арттыра түсетіндігі жөнінде жаңа ақпараттар берілді. Бейнебаян көрсетіліп, сыбайлас жемқорлықтың зардаптары айтылып қалай адамның өміріне әрекет ететіні жөнінде мағлұмат берілді. Сабақтың нәтижесінде оқушылар сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы, елімізге адал болуды балалық шақтан дағдыландыру қажет екенін түсінді.

1 наурыз күні **"Алғыс айту"** күніне орай, білім алушылардың демеушілерге білдірген алғысы бейнеролик жарияланды. 5-8 сынып оқушыларының арасында **"Біз жемқорлыққа қарсымыз!"** тақырыбында сурет көрмесі өтті.

2. Отбасы тәрбиесі

Отбасы күніне орай жас ұрпаққа отбасында дұрыс тәрбие беру-айрықша маңызды міндет екенін түсіндіру асыл аналарымыз бен абзал әжелеріміздің бала тәрбиесіндегі тәжериелерін, өнегелерін үлгі ету мақсатында 10-11 сынып ата-аналары мен әжелерге арналған «Мәдениетті ана-мәдениетті ұлт» дөңгелек үстел ұйымдастырған қазақ тіл пән мұғалімі Ныгманова Шолпан Ельтаевна. Отбасы күніне орай 5-11 сынып аралығында «Жақсылыққа жетелейтін жандар» тақырыбында бейнебаян дайындады. 05 қазан күні 3«а» сыныпта ата-аналарға арналған ашық есік күні өтті. 3 сыныпта сабақ жоспарына сай өтіп, ата-аналар оқушылардың сабақтарына қатысты. Ата-аналармен ынтымақтастық жұмысты нығайту мақсатында 2022 жылдың 1-қараша күні мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті, жиналыс барысында 1 тоқсанда атқарылған жұмыстар жөнінде ақпараттар алды. Сонымен қатар, ата-аналар мектепте жаңадан ашылған кабинетпен танысып, мектеп ұжымына шығармашылық табыстар тіледі. 15 қараша күні "Ата-анаға 1 сынып адаптация бойынша психологиялық ағартушылық жұмыс" атты ата-аналармен жиналыс өтті. Мақсаты: ата-аналарға баланың оқудағы кездесетін қиындықтарды жеңуге көмектесе алуына бағыт-бағдар беру. Өткізген мектеп психологі Смагулова Ж. Г. Салауатты өмір салтын қалыптастыру, ата - анамен бала арасында спорт мәдениетін кең тарату. Оқушыларды және ата - аналарды сұлу да сымбатты, денсаулығы зор, күшті болу үшін денені шынықтыру, оларға спортпен айналысудың қажет екендігін түсіндіру мақсатында 15-қаңтар күні 4"А"сыныбында "Толағай" отбасылық сайысы ұйымдастырылды. Ойынға 5 отбасы қатысып, "Болашақ" тобы I орын, "Жалын" тобы II орын, "Күншуақ" тобы III орынды иеленді. Ұйымдастырып өткізген 4 сынып жетекшісі Нурабаева Г. К. 10 ақпан күні мектепте жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында Қорғалжын аудандық полиция бөлімінен кәмелетке толмаған істер жөніндегі инспекторы Айтолқын Төлентайқызымен кездесу өткізілді. Кездесуге әкелер қатысып, құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде қажетті ақпараттар алды. Сонымен қатар мектеп психологі Ж. Смагулова бала тәрбиесінде әкенің рөлі ерекше екенін түсіндіре отырып, бірлесе ынтымақтастықта жұмыс атқаруға шақырды. Келген ата-аналар көкейлерінде жүрген сауалдарын қойды.

3. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбие бағыттары бойынша жүргізілген жұмыстар

Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде 1-11 сынып арасында "Күзгі демалыс қауіпсіздік ережелері" бойынша WhatsApp желісі арқылы әр сынып жетекшісі ескерту жұмыстары жүргізілді. Күзгі демалысты тиімді өткізу мақсатында мектепшілік жарыс ұйымдастырылды. 4,5,6 сынып ұлдар арасын кіші футбол өтсе, 7,8,9 сынып арасында теннис, шашкидан жарыс өтті. Жарыс соңында қатысқан командалар марапаттарға ие болды. Жауапты: Дене шынықтыру мұғалімдері Узбаев Б.В, Момбаев Е.Ш.

5 сынып оқушыларынан "Жанбыр астындағы адам" графикалық тест алынды.

Максаты: баланың ішкі дүниесіндегі көрінісін білу. Өзін түсінуге ықпал ету. Қорғаныс механизмдерінің қасиеттері мен жеке тұлға резервтерін ашуға көмектесу. Өткізген: мектеп психологі Смагулова Ж.Г. "Оқуға құштар мектеп" жобасын жүзеге асыру мақсатында 7-сынып оқушылары мектеп кітапханасындағы әдеби кітаптармен танысты. Оқыған кітаптары бойынша ой бөлісті. Мектебімізде құрылған жоспарға сай, оқушылардың бос уақытың тиімді ұйымдастыру мақсатында қосалқы үйірме сабақтары жүргізіледі.

Максаты: оқушылардың бос уақыттарын салауатты өмір салтына қалыптастыру. Волейбол үйірме жетекшісі: Узбаев Б. В Қорғалжын ауданы мәдениет үйінде өткен «Ақмола жұлдыздары- 2022» атты байқауына біздің оқушыларымыз «ADELYA dance» тобының қыздары қатысып лауреат атағына ие болды. Жетекші: Тынысбек А.Ж. Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы, Қазақ күресінен 2007-2008 ж.т кіші жасөспірімдер арасындағы «Жас Барыс» республикалық турниріне облыстық іріктеу чемпионатында 75 келі салмақ дәрежесінде ІІ орынға ие болған Аман Нұрдаулет. Бапкері: Енсебаев М.Т. Мектебімізде оқушыларды жол белгілерімен, жолда жүру ережелерімен және де көшеде дұрыс жүріп, жол ережелерін, қауіпсіздігін білуге, есте сақтауға тәрбиелеу мақсатында **"Жол тәртібін сақтаймыз"** тақырыбында 1-4 сыныптар арасында тәрбие сағаттары ұйымдастырды. Қазақ күресінің облыстық ашық турнирі өтті.

23-25 қараша аралығында Сандықтау ауданында, Социалистік Еңбек Ері Нұрғабал Малғаждаровты еске алуға арналған жасөспірімдер арасында қазақ күресінен облыстық ашық турнирде, 3 орын 9«А» сынып оқушысы Аман Нұрдаулет +55 кг. 3 орын 5 «А» сынып оқушысы Төлеген Мейірлан 35 кг. 3 орынға ие болған 6 «А» сынып оқушысы Орал Дарын 42 кг. Жүлдегерлер мадақтама, медаль және кубокпен марапатталды. Бапкер: Енсебаев М.Т.

09 желтоқсан күні мектебімізде Қорғалжын балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің 2010-2013 жылдар аралығында туған жасөспірімдер арасындағы облыстық дзюдо турнирі өтті. Турнирге Астана қаласы, Оразақ ауылы, Қорғалжын, Арықты, Өркендеу, Жантеке ауылдарынан келген дзюдошылар қатысты. Турнирдің қадірлі қонақтары Қорғалжын аудандық білім бөлімінің басшысы С. Омарова, Қарашалғын ауыл округінің әкімі Ә. Тажмағанбетов, Қорғалжын ауданы спорт мектебінің директоры М. Дюсенбаев қатысып, дзюдошыларға сәттілік тіледі. Мектебімізден қатысқан оқушылар жүлделі орындарды иеленді. 27 желтоқсан күні Қорғалжын ауданында орналасқан Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінен оқушылар келіп футболдан достық кездесу өткізді. Мектеп психологі Смагулова Ж.Г. 4"А" сынып оқушыларымен балалардың зейінін анықтап, есте сақтау қабілетін дамыту мақсатында "Зейінді оқушы" тақырыбында тренинг өткізді. Қаңтар күні мектебімізде Қорғалжын аудандық білім бөлімінің **«Жастар» спартакиадасы** бағдарламасына сәйкес баскетбол ойынынан оқушы қыздар арасында жарыс өтті. Ауданымыздың білім беру мекемелерінен жарысқа 8 команда қатысты. Жарыста ІІ орынды мектебіміздің командасы иеленді.

4. Рухани-адамгершілік тәрбие, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Саналы ғұмырын ақындық, жазушылық, аудармашылық және журналистикаға арнаған дарынды жерлес ағамыз Смағұл Рахымбектің туған күніне арналған «Өлеңмен өрдім өмірді» атты еске алу кеші өткізілді.

Бүгін менің туған күнім, тәңірім,

Көп қыла гөр тіршіліктің жарығын.

Күндерімді, жырларымды тауыспа,

Бөгемеші, өмір-өзен ағының, -деп Смағұл ақын өзі жырлағандай, көзі тірі болса, журналист ағамыз 70 жасқа толар еді. Кеште ақынның жырларын жатқа оқылып, қазақ радиосында берген сұхбаты тыңдалды. Өмірі мен қызметі жайлы бейнеролик көрсетілді. Өткізген қазақ тіл пән мұғалімі Ныгманова Ш. Е. 18 қазан күні қарттар айлығына сәйкес ата-әжелемізге арналған «Қарттарым-асыл қазынам!» атты мерекелік концерт өтті. Жалпы 1-11 сынып оқушылар өз өнерлерін ортаға салып, келген ата-әжелеріне ән, күй, би өнерлерін көрсетіп, қуаныш сыйлады. Концерт соңында келген әжелеріміз оқушыларға баталарын беріп, өз ризашылықтарын білдірді. Жауапты: мектеп тәлімгері Имашева Э.С. "Алтын күз" 1-4 сынып аралығында өтті. Күз айлары туралы білетіндерін ортаға сала отырып, оқушылардың сайысқа деген қызығушылығын, ынтасын арттыру. Оқушылар бір топпен шығып, өздерін таныстырып, өз өнерін көрсетіп, аппликация, викториналық сұрақтар қойылып, және күзгі сән үлгісі көрсетті. Жауапты: тәлімгер Имашева Э.С. «Арайлы алтын күз» күзгі балл кеші 8-10 сыныптар аралығында өтті. Мақсаты: Оқушылардың әртістік қабілетін дамыту, еңбексүйгіштікке баулу, табиғатты сүюге тәрбиелеу, ауызбіршілікке бейімдеу, тапқырлық, сахна мәдениетін қалыптастыру, дамыту. Жоспарға сай, күзгі демалыста 1-3 сынып ұлдар арасында асық ату жарысы өтті. Мақсаты: Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану және ұлттық құндылықтарын дамыту мақсатында өткізілген іс-шара. Жарыс соңында жеңіске жеткен оқушылар марапатталды. Үйірме жетекшісі: Қайырбек А.Қ. Мектебімізде әр дүйсенбі күні оқушылардың таңертеңгілік жиыны өтеді. Мақсаты: оқушыларды мектеп тынысымен таныстыра отырып, алдағы жоспарлармен таныстыру және өзге оқушыларға үлгі болу үшін байқауларға қатысып жетістікке жеткен оқушыларды марапаттау. 10 қараша күні Шоқан Уалиханов атындағы Қараегін ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің аясында аудандық "Жас тарихшылар мен өлкетанушылар" форумына мектебіміздің 9-сынып оқушысы Мұхтар Әліби қатысып жүлделі 1 орынға ие болып, облыстық форумға жолдама алды, жетекшісі география пәнінің мұғалімі Қошқарбаева М.Б. Алтын күз" 5-7 сынып аралығында өтті. Оқушылар бір топпен шығып, өздерін таныстырып, Өз өнерін көрсетіп, викториналық сұрақтар қойылып және күзгі сән үлгісін көрсетті. Жауапты: 6 "А" сынып, сынып жетекшісі Мухаметжанова А.Б Мектепішілік 2-4 сынып арасында «Абай оқулары» мәнерлеп оқу сайысы өтті. Тақырыбы: «Абай-дара, Абай-дана қазақта» Мақсаты: Абай Құнанбайұлының ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату арқылы мәнерлеп жатқа айту, поэзияны сүюге, оны бағалай білуге үйретуге, шығармашылық қабілетін жетілдіре отырып, рухани танымын кеңейту. Қарасөзді жатқа айтудан 1 орынға ие болған 4а сынып Жүніс Мақпал. Мәнерлеп оқу сайысында 4а сынып оқушысы Танірберген Жансезім 1 орынға ие болды. Ән байқауында бірінші орынға ие болған 2 сынып оқушысы Мықтыбай Жантілеу, 4 сынып оқушылары Смағұл Серікболсын және Сержант Санжар II орын жеңімпаздары атанды. Сайыс соңында қатысқан оқушылар мадақтамамен және сыйлықпен марапатталды. Өткізген: Нурабаева Г.К. және Мустафина Н.Е. 19 желтоқсан күні «Балалар жылы» аясында және Тәуелсіздік күніне орай «Нұр-Қорғалжын» аудандық газетінің ұйымдастыруымен өткен мектеп оқушылар арасындағы "Жас автор" әдеби-шығармашылық байқауына мектебімізден оқушылар қатысты. III орынға ие болған 9 «А» сынып оқушысы Мұхтар Әліби. Өзін-өзі басқару және мектеп парламентінің кезектен тыс оқушылар жиынын өткізді. Жиын тақырыбы: мектептегі ішкі тәртіп, мектеп формасы және сабақ үлгерімі жайлы тақырыптар қозғалды. Жиынды өткізген мектеп тәлімгері Бейсенбаева Б. К. 09 ақпан күні мектебімізде "Ғылымға құштар жас өрен" деген тақырыпта 2-4 сынып оқушыларының арасында зерттеу жұмыстары мен ғылыми жобалар байқауының мектепішілік кезеңі өткізілді. Мақсаты: оқушылардың ғылыми зерттеу және оқу-танымдық қабілеттерін арттыру, оқушыны өзіндік ізденіске, шығармашылыққа қалыптастыру. Байқаудың қорытындысы бойынша I орынды 4 сынып оқушысы Жүніс Мақпал, 2 орынды 3 сынып оқушысы Саутжан Айару мен 4 сынып оқушысы Танырберген Жансезім, 3 орынды 2 сынып оқушысы Мықтыбай Жантілеу мен 3 сынып оқушысы

Сейтжанов Әділхан иеленді. Жеңімпаз оқушылар 1 дәрежелі, 2 дәрежелі, 3 дәрежелі дипломмен марапатталды.

5. Ұлттық тәрбие бағытының жүзеге асырылуы

Биыл ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы халықаралық деңгейде, ЮНЕСКО аясында атап өтіледі. 27 қазан күні Шалқар ауылының ЖОББМ аясында «Оқушылардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын жүзеге асыру аясында, мектеп оқушылары арасында аудандық пікір-сайыс турнирі өтті. Біздің мектебімізден 4 оқушы қатысып сертификатпен марапатталды. Жетекші: Досымбекова Ж. Ш. Аудандық іс шараға байланысты «Ахмет Байтұрсынұлы-дәуірдің дара тұлғасы» атты, 8, 9, 10, 11 сынып оқушыларынан сөз саны нормасына сай диктант алынды. Мектепшілік «Біз болашақтың жастарымыз!» атты көңілді тапқырлар клубының сайысы өтті. Сайысқа 7-9 сынып оқушылары өзара жарысқа түсті, 3 орын 8 сынып «Сұңқар», 2 орын 7 сынып «Болашақ еліміз» 1 орынды 9 сынып «Жигули» тобы жеңіп алды. Ұйымдастырушы: мектеп тәлімгері Имашева Э.С. Адамгершілік және жыныстық тәрбие тақырыбында 8-11 сынып қыздар арасында жиналыс өтті. Мақсаты: Ерте жүктіліктің алдын алу, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді қыз баланың бойына сіңіре отырып, келешекте ана алдында қоғамның, ұлттың тыныс-тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып, әдепті, сыпайы, адамгершілігі мол, білімді жан жақты жетілген қыз бала болуға тәрбиелеу. Ерте жастағы жүктілік, оның алдын алу жолдары туралы оқушы қыздарға айтып, түсіндіру. Міндеттері: •ұрпақ тәрбиесіне байланысты ата-бабалар ілімдері туралы түсініктерін қалыптастыру; •отбасын құру мен бала тәрбиесіне байланысты жауапкершіліктерін арттыру; •жүрек тәрбиесі мен ақыл тәрбиесінің мән-мағынасын ашып көрсету. Өткізген: элеуметтік педогог Тынысбек А. Ж. 23-25 қараша аралығында облыстық "Жас тарихшылар мен өлкетанушылар" форумы өтті. Осы форумға мектебіміздің 9 сынып оқушысы Мұхтар Әліби қатысып, жүлделі 1 орынды иеленді, жетекшісі география пәнінің мұғалімі Қошқарбаева М.Б. "IT- келешегі кемел сала" оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда бағыт беру мақсатында 9а сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар бойынша білім беретін маман Кусаинова Ж.С. және мектеп психологі Смагулова Ж.Г. ұйымдастырды.

6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

28 қыркүйек күні Мектеп Парламентіне үміткерлердің сайлауы өтті. Сайлау жарысына түскен 9-11 сынып оқушылары. Дауыс беру 5-11 сынып оқушылар арасында өткізілді. Үміткерлер өз бағдарламасымен, жоспарымен таныстырды. (слайд, презентация түрінде көрсетті). Өздерінің көңілдерінен шыққан, мақсаты айқын үміткерге дауыстарын береді. Мектеп Президентіне үміткерлер: 1. Құжабай Мөлдір 11 "а" сынып оқушысы 2. Боранбекова Аягөз 11 "а" сынып оқушысы. 3. Узбаева Индира 10 "а" сынып оқушысы. 4. Мухтар Әліби 9 "а" сынып оқушысы. Өзара жарысқа түсті. Өзін өзі басқару ұйымының сайлауына оқушыларымыз және ұстаздарымыз дауыс беріп өз үлестерін қосты. Дауыс нәтижесі бойынша 10 сынып оқушысы Узбаева Индира жеңіске жеті. 25-ші қазан Республика күніне орай, өзін-өзі басқару ұйымының фракция мүшелерінің ұйымдастыруымен "Мен-елімнің ұланымын!" атты челлендж өткізді. Республика күніне арналған 5-11 сынып аралығында "Атамекен" тақырыбында диктант алынды мақсаты: оқушыларды, Отанын, туған жерін, сүйеге, ұлтжандылыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу. Республика күніне арналған «Еліме деген құрмет» атты өлең байқауы өтті. Байқау 5-6 сынып аралығында өтті. Мақсаты: оқушыларды Отанға, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін анықтау; өлеңді мәнерлеп оқуға машықтандыру. Байқау соңында қатысушылар грамотамен марапатталды. Жауапты: қазақ тілі пән мұғалімі Толубекова А. Н. Республика күніне орай, 1 сыныпта «Жасай бер, жаса Қазақстан!» атты тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағаты мемлекеттік ән ұраннан басталды, тақпақтар және отан туралы мақал-мәтелдер, сұрақ-жауаптарымен жалғасын тапты. Республика күніне орай 9 сыныбында «Менің Отаным- Қазақстан!» атты тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты: Оқушыларды Отанын, туған жерін қорғай білуге, тарихын қастерлеуге, ата-бабамыздың өнеге етіп қалдырған даналық сөздері арқылы

ұлтжандылыққа, атамекенін көзінің қарашығындай сақтай білуге патриоттық сезімге тәрбиелеу. Сынып жетекші: Ныгманова Ш. Е. Республика күніне арналған апталықтың соңғы мәресі мектепшілік мерекелік концертпен жалғасын тапты. Мерекелік концертте оқушылар Отан туралы өлең шумақтарын айттып өз өнерлерін көрсетті, концерт соңында Республика күніне арналған апталыққа қатысқан оқушылар марапатталды!

Жауапты: мектеп тәлімгері Имашева Э.С.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Отырар кітапханасының Ақселеу Сейдімбек залында жерлес ақын, жазушы, белгілі журналист Смағұл Рахымбектің 70 жылдығына арналған еске алу кеші өтті. Кешке ақынның жұбайы Әлия, балалары, және белгілі ақын тілші Айбатыр Сейтак ақын жазушы, күйші, композитор Оспан Сүлейменов сияқты зиялы қауым өкілдері Смағұл Рахымбековтің сыныптасы Мантиков Ғалы, диктор Күләш Молдахметова, ақын Баян Сейсенбаева да қатысты. Кеште журналистика факультетінің студенттері ақынның өлеңдерін оқыды. Еске алу кеші Республикалық «Бас редактор клубының» вице президенті Мұратбек Тоқтағазинның ат салысумен ұйымдастырылып өткізілді. Мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Ш. Нығыманова еске алу кешіне қатысып келді.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын- алу бағдарламасы аясында, тақырыбы "Ашу- ыза билегенде не істеу керек" атты 8-9 сынып ұлдары арасында сабақ өтті. Сабақ барысында ашуға бой алдырғанда оқушылар ашуларын қалай басатындарымен бөлісті. Психолог буллинг (жәбірлеу) турлерімен, физикалық, әлеуметтік, ауызша, кибер жеке-жеке мысалдар келтіру арқылы таныстырды. Оқушылар қылмыстық жауапкершілік артында қиындықтар болатынын түсінді. Сабақ соңында зорлық-зомбылыққа байланысты сауалнама өткізілді. Өткізген: мектеп психолог Ж. Г. Смагулова

12 желтоқсан күні Қорғалжын аудандық білім бөлімінің жоспарына сәйкес Амангелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің аясында 3-4 сынып оқушылары арасында аудандық пәндік олимпиадасы өткізілді. Мектебіміздің 4 «А» сынып оқушысы Танырберген Жансезім 3 орынға ие болды. Жетекшісі Нурабаева Г.К.

23 желтоқсан күні 1 "А" сыныбы "Қош бол әліппем!" тақырыбында ертеңгілігі өтті. Мақсаты: Оқушылардың әліппеден алған білімдерін ортаға салу. Оқушыларды ана тілі оқулығымен таныстыру және өзін-өзі басқаруға үйрету. Оқушылар өлең оқып, ән айтып, би билеп, сұрақтарға жауап беріп, өз өнерлерін көрсетті. Ертеңгілікке ата-аналар да қатысып өздерінің жылы тілектерін білдірді.

"Қазақстанда атом электростанциясының құрылуының пайдасы мен зияны" тақырыбында дебат ұйымдастырылды. Дебат жетекшісі Досымбекова Ж.Ш. 22-ші ақпан күні Қорғалжын ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің мамандары мектеп оқушыларымен профилактикалық жұмыстар жүргізілді. 24 ақпан күні "Ақ шағала" Аудандық хореографиялық фестиваль байқауында мектебіміздің мың бұралған бишілеріміз ІІІ-орынға ие болды, би жетекшісі Тынысбек А.Ж.

7. Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие.

"Балалар жылы" аясында және ұстаздардың кәсіби мерекесіне орай Қорғалжын ауданы Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің базасында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау кабинеті ашылу салтанаты өтті. Осы жақсы игі бастамаға Қорғалжын аудан әкімінің орынбасары Дарын Сабырғалиұлы, Қорғалжын аудандық білім бөлімінің басшысы Омарова Сауле Қуанышқызы қатысып, құттықтау лебіздерін білдірді. Кабинеттің ашылу мақсаты әр тұлғаның ерекше білім алуына зор мүмкіндіктер жасау үшін кабинетке қажетті құрал-жабдықтар орнатылған. Мектепке жақын маңдағы Ұялы, Майшұқыр, Қараегін ауылдарының балаларына мамандар кеңес ұсынымдарын ескере отырып 25 баланы қамтиды. Балалармен педагог-психолог, логопед, әлеуметтік педагог жұмыс атқарады. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың толық қалыптасуы үшін жасалған игі бастамаларға алғысымыз шексіз. Ұстаздар күніне орай 30 қыркүйек күні Республика бойынша Дубль күні өтті. Соған орай мектебіміздің оқушылары ұстаз ізімен жүріп көрді, оқушылар өздеріне жүктелген әрбір тапсырманы үлкен жауапкершілікпен

атқарды. Ал мектеп ұстаздары 12 сынып болып сабаққа қатысты. Меттебіміздің қамқоршылық кеңесінің кезекті отырысы өтті. Отырыстың барысы, жоспарға сай алда қойылған жұмыстардың жүргізілуін талқылау сәті. 23-қараша күні Кенбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің базасында өткізілген аудандық "Бала би" сайысына 6 сынып оқушылары Бикен Жансая, Жақсылық Алтынгүл қатысып, жүлделі 3 орынды иеленді, жетекшісі қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Төлеубекова Алтын Нұртайқызы. 24-қараша күні "Біздер болашақтың жастарымыз" атты аудандық КТК сайысы өтті. Сайысқа мектеп командасы белсене қатысқаны үшін грамотамен марапатталды. Жетекшілері Нығыманова Ш.Е., Имашева Э.С.

Қоғам қайраткері, ғалым, ақын, қазақ әліпбиінің негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Нығыманова Шолпан Елтайқызы 2022 жылдың 22-қыркүйек күні аудандық "Нұр - Қорғалжын" басылымында "Дәуірдің жарық жұлдызы" атты өз мақаласын жариялады. 15 желтоқсан күні 8-9 сынып оқушылары арасында "Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын-тіл" атты пікірталас өтті. Оқушылардың сөздік қорын молайту мақсатында өткізілген пікірталаста оқушылар өз ойларын, пікірлерін ортаға салды. Өткізген: тарих пәні мұғалімі Досымбекова Ж. Ш. 16 -желтоқсан күніне орай 8 «А» сынып оқушыларынан «Тәуелсіздік таңы мәңгілік» атты диктант алынды. Мектебіміздің кітапханашысы Имашева Эльмира «Тәуелсіздік тұғырым» атты кітапханада оқушыларға көрме ұйымдастырды. 15 желтоқсан күні 5-6 сынып оқушылары аралығында республикалық пән олимпиадасының аудандық кезеңі өтті. Мектептен 5-сынып оқушылары Уралова Мадина қазақ тілі мен әдебиет пәнінен 2 орын, орыс тілі пәнінен Төкен Аяулым 3 орын, 6-сынып оқушылары Бикен Жансая Қазақстан тарихы пәнінен 2 орын, Жақсылық Алтынгүл қазақ тілі мен әдебиет пәнінен 3 орын иеленді. Желтоқсан айының 21-і күні К.Күмісбеков атындағы Қорғалжын аудандық мәдениет үйінде өткен аудан әкімінің жаңа жылдық шыршасына біздің мектебімізден оқушылар қатысты. Аудан әкімі балаларға жаңа жылға арналған сыйлықтарды табыс етті. Балаларға базарлық жасалды. Жаңа жыл қарсаңында "AgroNik" жеке шаруашылық серіктестігінің басшысы Бусс Наталья Николаевна 20 шақты балаға сыйлықтар үлестірді. Наталья ханымға үлкен алғыс білдіреміз! Мектеп психологі 11«А» сынып оқушылары мен 2023 жылдың 18 қаңтар күні "ҰБТ-ға сеніммен барайық!" тақырыбында тренинг өткізді. Мақсаты: оқушыларымыздың өзін тану арқылы, өзіндік бағалауын қалыптастыру, стрессті жеңуге жол көрсету, бойларына сенімділік орнату болып табылады. Мектебімізде қаңтар айының 20 жұлдызы күні 7 сынып оқушылары арасында "Жемқорлықтың тарихи тамыры" тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениетін қалыптастырып, құқықтық сауаттылығын арттыру болып табылды. Ұйымдастырған сынып жетекшісі Досымбекова Ж.Ш. Д.А.Қонаевтың туғанына 110 жыл толуына орай қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Төлеубекова А.Н. 10 сынып оқушыларымен "Ғасырдың дала перзенті" тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Мектеп кітапханашы Имашева Э.С 7"А" ,8"А" ,9"А" ,10"А" сынып аралығындағы "Ең үздік оқырман" байқауын ұйымдастырды. 9"А"сынып Жакуп Аяулым "Ең үздік оқырман"7"А" Умирзакова Даяна "Білімді оқырман" "Өнерлі оқырман" 10"А"Шаукенова Жанеля, Жанайдар Шыңзат "8"сынып "Белсенді оқырман" номинациясын жеңіп алды.Мақсаты оқушыларымызды кітапқа,білімге баулу. Қаңтар айының 26 жұлдызы күні мектебімізде "Ашық қоғам" дебат клубы оқушыларының ұйымдастыруымен "Қашықтықтан оқытудың тиімділігі мен зияны" тақырыбында сайысы өтті. Мақсаты: оқушылардың креативті ойлауын, шығармашылығын дамыту болып табылады. Дебат жетекшісі: Қазақстан тарихы пәні мұғалімі Досымбекова Ж.Ш. Балаларға жасалған базарлық. Мектепте сабақтан тыс уақытта балалардың уақытты тиімді өткізу мақсатында **хореография кабинеті өз жұмысын бастады**, осы бастамаға ұйытқы болған Қарашалғын ауылдық округінің әкімі Тажмағанбетов Әділхан Шарипжанұлына және демеушілік көрсеткен "Қызыл -Су" жеке шаруашылық серіктестігінің басшысы Ағыбай мырзаға үлкен алғыс білдіреміз. Балалардың би өнеріне деген қызығушылығы артып келеді.

Балалар үшін жасалған игі бастамаға ата-аналар да ризашылықтарын білдіруде. Тәрбие жұмысының отбасы тәрбиесі бағытына сәйкес 30 қаңтар күні 5"А"сынып оқушылары "Тату үйдің берекесі мол"тақырыбында тәрбие сағатын ұйымдастырды. Мақсаты: Отбасы және отбасы мүшелері жайлы түсінік қалыптастыру болып табылды. Оқушылар әже туралы эссе, ана жайлы ән, әке туралы өлең сонымен қатар мақал-мәтелдер туралы түсінік алды. Жетекшісі Зурашев М.С. 1 ақпан күні 4 'А" сыныбымен "Кім боламын?"тақырыбында диктант алынды. Мақсаты: мамандық туралы мәліметтер беру. Сынып жетекшімен Нурабаева Г.К. мен кәсіби бағдар беруші Кусаинова Ж.С. 09 ақпан күні 5"А"сыныбымен "Мамандықтың бәрі жақсы" тақырыбында викториналық ойын өткізілді. Мақсаты: оқушылардың мамандыққа деген ықыласын, қызығушылығын арттыру. Мамандық әлемінің түрлігі туралы түсінік қалыптастыру. Оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу болып табылды, жауапты кәсіби бағдар беру маманы Кусаинова Ж.С.

21-ақпан күні мектебімізде жалпы орта білім беретін мектеп оқушылар арасында Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының аудандық кезеңі ұйымдастырылды, іс - шараға ауданымызда 9 мектептен 15 оқушы қатысты. Мектебімізден 9-сынып оқушысы Мұхтар Әліби, 10-сынып оқушысы Шаукенова Жанелья жүлделі 2 орынды иеленді, жетекшісі қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Ш.Ныгманова. Ілияс Жансүгіров оқуларының ашылу кезінде мектептегі би, домбыра үйірмесінің қатысушылары өз өнерлерін ортаға салды, жетекшілері А.Тынысбек, С.Айкишев.

Қорытынды:

Қорыта келгенде, 2022-2023 оқу жылындағы жоспарланған тәрбие жұмыстары жүзеге асырылды. Тәрбие жұмыстары толық талқыланып, атқарылған іс шаралардың тиімділігі жұмыстың нәтиже барысында анықталды.

Ұсыныс:

- 1) Жеке құзыреттіліктердің қажетті жүйесін қалыптастыру мақсатында жобалық іс шараларды жүзеге асыру;
- 2) Қосымша білім беру ұйымдарымен бірлескен жұмыс атқарып, үйірмелер санын арттыру;
- 3) Өлкетану жұмысын жандандыру және жүйелеу;
- 4) Мектепшілік іс шараларға демеушілерді тарту.



мектеп директоры

Асанова

Қ.Асанова

**«Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша
білім бөлімі Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»
КММ-ның 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының
сараптама талдауы**

2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылдың 19 қыркүйек күнгі № 294 «Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру» бұйрығы негізінде құрылып, жүзеге асырылды.

Тәрбиенің мақсаты мен міндеттері: тәрбиенің мақсаты-жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Ата ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу;
- Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, Отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу;
- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулы және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;
- Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу;
- Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Тәрбие жұмысының ерекшеліктері: оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы негізгі басымдықтар-білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету. ҚР Оқу-ағарту министрлігі, Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА «2023-2024 оқу жылында ҚР-ның орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаттын негізге алып, мектепшілік бұйрықтар шығарылды және жүзеге асыру тетіктері жоспар құруға бастамашы болды.

Мектепшілік бұйрық негізі	Бұйрық атауы, мерзімі
ҚР Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңес 2023 жылғы 4.09. № 28 хаттама	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысын ұйымдастыру, қызметін жүзеге асыру туралы 01.11.2023 № 96
ҚР «Білім туралы» Заңының 44-бап 9 тармақшасы	«Мектепте қамқоршылық кеңес құру» туралы 07.08.2023 № 58.1
Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде	«Даналық мектебін құру» туралы 23.10.2023 № 93

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 25.08. № 377 бұйрығы	«Мектепте психологиялық қызметтің жұмыс істеуі» туралы 02.10.2023 №87
ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 03.03. № 61 бұйрығы	«Профилактикалық кеңес тобын құру» туралы 11.09.2023 №85.2
Оқушылардың тамақтануын мақсатында сапалы қадағалау	«2023-2024 оқу жылына бракераждық комиссия құру» туралы 01.09.2023 № 79

Мектепшілік өткізілген тәрбие сағаттары:

- «Мектебім- Мейірім мекені»
- «Спорт сенің серігің» салауатты өмір салты
- «Жолда жүру ережесін білесің бе, балақай?»
- «Тіл елдігімнің тірегі»
- «Мейірімділік құндылығы»
- «Менің Республикам!»
- «Ұлттық валюта»
- «Тарих ғибраты»
- «Анаға мың Алғыс!»
- «Құқықтық мәдениет және оның маңызы»
- «Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық»
- «Өнер мен құндылық»

2023-2024 оқу жылында "Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы" нұсқаулық-әдістемелік хат негізінде ҚР Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңес 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № 28 хаттамасына сәйкес мектебімізде ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы "Даналық мектебі" клубы құрылып, құрамы бекітілді. «Даналық мектебі» қызметінің басым бағыты ата-аналар қауымымен жұмыс болып табылады. "Даналық мектебі" клуб қызметінің мақсаты: аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу. Клуб қызметінен күтілетін нәтиже: позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу үшін аға ұрпақтың тәжірибесін табысты пайдалану болып табылуда. Даналық мектебінің құрамында «Аталар өсиеті», «Әжелер даналығы», «Ағалар қамқорлығы», «Жеңге кеңесі» секциялары ұйымдасып, этнопедагогика арқылы тәрбие жұмысын жүзеге асырады.

«Даналық мектебі» мүшелері:

«Аталар өсиеті»	Қинаят ата Кэртай ата Амангелді ата
«Әжелер даналығы»	Күміс әже Ұлпан әже Райса әже
«Ағалар қамқорлығы»	Серік аға Қуандық аға

	Қанат аға
«Жеңге кеңесі»	Сәуле жеңге Жанар жеңге Гүлжанат жеңге

Мектебімізде "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында "Даналық мектебі" орталығының ұйымдастыруымен мектепішілік ата-аналар семинары өткізілді. Ата өсиеті, әже ертегісі, жеңге кеңесі бағытында бүгінгі ұрпаққа ұлттық тәлім мен тәрбиені өнеге тұту мақсатындағы семинарға ата-аналар қатысты. "Бабалар дәстүрі-ұрпаққа өсиет", "Әжелер сөзі ертегі-танымның көзі", "Сырғалым-сырласым" тақырыптарындағы тәрбие сағаттарында ұлттық тәрбиенің мәні зор екендігі айқын көрінді. Тәрбие сағаттарын өткізген бастауыш сынып мұғалімдері Ильясова Гүлім Нақыпқызы, Нуржигитова Гүлбақыт Отыншықызы, қазақ тілі пәні мұғалімі Нығыманова Шолпан Елтайқызы. Мектеп психологі Смагулова Жанна Габбасқызының тренингі ата-аналарға жақсы көңіл-күй сыйлады. Тәлім мен тәрбиесі мол іс шарадан бала тәрбиесіне пайдалы дүниенің болғандығы мектеп ұжымын қуантары сөзсіз! Семинар қорытындысында Жантеке ауылының "Құрметті азаматы" атағын алған Қинаят ата мен асыл Ұлпан әжеміз жақсы лебіздерін білдірді.

Ата аналарды қолдау орталығының жұмысы жүзеге асырылып, ата-аналарға бала тәрбиесіне қажетті кеңестер жөнінде арнайы сабақтар өткізілді.

р/с	Жобаның тақырыбы	Жобаны қорғаушы	Жетекшісі	Нәтижесі
1	«Судың да сұрауы бар»	Тәңірберген Жансезім 5-сынып	Қошқарбаева М.Б.	Аудандық байқауда I орын, облыстық байқауға жолдама
2	«Күнделікті пайдалы тағам»	Базарова Малика 6-сынып	Бейсенбаева Б.К.	Аудандық байқау I орын
3	«Психологиялық әл аумақ және сртеске төзімділік»	Жанайдар Шыңзат 9-сынып	Смагулова Ж.Г.	Мектепішілік байқау II орын
4	«Жасыл мектеп»	Жаманбай Айым 8-сынып	Сманова З.Б.	Аудандық байқау II орын
5	«Цифрлық сауаттылық»	Бикен Жансая 7-сынып	Тусупбекова Р.М.	Аудандық байқау II орын
6	«Таза аула»	Зейнолла Гүлзат 4-сынып	Абжанова С.Е.	Мектепішілік байқау III орын
7	«Қолөнер шеберханасы»	Жүніс Мақпал 5-сынып	Сатекова Қ.С.	Аудандық байқау II орын

Біртұтас тәрбие бағдарламасында ұсынылған жобалар ішінен 7 жоба таңдалып, оқушылардың шығармашылық, зерттеу-ізденушілік дағдылары қалыптастырылды. Комиссия мүшелері құрылып, жоба жұмыстары тыңдалды, критерий арқылы бағаланды, мектепішілік жобалар байқауының қорытындысы бойынша аудандық жоба байқауына 5 жоба ұсынылып, жүлделі

орындарды иеленсе, «Судың да сұрауы бар» жобасы облыстық жобалар байқауына жолдама алды.

Мектепте 2023 жылдың 7-тамыз күні «Қамқоршылық кеңес құру» туралы №58/1 бұйрығы шығарылды. Қамқоршылық кеңес құрамында 9 адам бар, қамқоршылық кеңес жоспары жүзеге асырылып келеді. Жаппай біліммен қамту қорынан әлеуметтік санаттары бойынша қамқоршылық кеңестің қаттамасы негізінде 87 білім алушы тегін ыстық тамақпен қамтылды. 1-4 сыныптың 17 оқушысы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Мектепте 2023-2024 оқу жылында тегін тамақтану 76,4 пайыздық көрсеткішті құрады. Қамқоршылық кеңес мүшелері «Мектепке жол» акциясына, «Жаңа жылым тамаша» ертеңгілігіне, «Бақытты балалық» балалар күніне арналған меркелік іс шараларға өз тараптарынан демеушілік ұйымдастырды. Олар: «Ақжол-2020» ЖШС басшысы Жеңіс Садуақасұлы, аудандық мәслихат депутаты Абылай Медеубаев, жеке кәсіпкер Жандарбекова Гүлнұр. Қамқоршылық кеңес мүшелері мектеп өміріндегі барлық іс шараларға белсене қатысады.

Мектепшілік дебат қоғамының талқылаған мәселелері:

р\с	Тақырыптары	Мүшелері
1	«Қазақстанда атом электростанциясының құрылуының пайдасы мен зияны»	Мұхтар Әліби Шарипжан Айзере
2	«Қашықтықтан оқытудың тиімділігі мен зияны»	Зейнолла Дилара Жаманбаева Айым
3	«Электронды оқулықтар кітапты алмастыра ала ма?»	Жакуп Аяулым Өткелбаев Ерасыл

Дебат пікір сайысында білім алушылардың өз ойларын еркін жеткізуге, мәдениетті сөйлеуге, сөздік қорын дамытуға, позитивті болуға дағдыландыру көзделді.

Ұйымдастырылған акциялар тізбегі:



Акция барысында білім алушылардың ұлттық құндылығымызды бағалауға, адами қасиеттерді бойларына сіңіруге, өз Отанына үлес қосуға баулу және тәрбиелеу негізгі мақсат болып саналды.

Сабақтан тыс уақытта білім алушылардың үйірмелерге қатысуы өнерге, спортқа деген қызығушылықтарын арттыруға септігі мол. Сол себепті, мектепте сабақтан тыс уақытта оқушылардың уақытты тиімді, әрі пайдалы өткізулері үшін үйірмелер жұмыс атқарды. Олар: домбыра, вокал, IT, дзюдо, волейбол, баскетбол, футбол, асық ату, бес асық, тоқыма, би. Үйірме жұмыстарының нәтижесі білім алушылардың спорттық және өнер сайыстарында байқалды.

№	Үйірме атауы	Сынып	ұл	қыз	Оқушы саны	Күні	Уақыты	Жетекші
1	Асық ату Бес асық	5-11	8	7	15	Дүйсенбі	15:00	Қайырбек А.Қ
2	Волейбол	6-11	9	15	24	бейсенбі	16:00	Узбаев Б.В
3	Футбол	5-7	27		27	сәрсенбі	15:00	Момбаев Е.Ш
4	Баскетбол	5-6	20	13	33	Бейсенбі	15:00	Нуртазин Қ.Е
5	IT	5	12	6	18	бейсенбі	16:00	Тусупбекова Р.М
		6	8	7	15	I топ Жұма II топ		
6	«Аделя» би	1-8		26	26	Сәрсенбі	15:00	Тынысбек А.Ж
						бейсенбі	15:00	
						жұма	15:00	
7	Қорғалжын аудандық білім бөлімінің жанындағы «Р.Есімжанова атындағы балалар ән күй мектебі» Жантеке филиалы Домбыра үйірме	2-8	5	10	15	Дүйсенбі	15:00	Айкишев С.
						сейсенбі	15:00	
						сәрсенбі	15:00	
8	Дене шынықтыру кафедрасының «Қорғалжын балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» Жантеке филиалы Дзюдо үйірмесі	1-8	28		14	Сейсенбі	15:00-16:30	Құдайбергенов Ә.Қ
					14	I -топ Жұма II -топ	15:00-16:30	
9	Қорғалжын ауданының балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының Токма үйірмесі	4-8		15	8	Сейсенбі	15:30	Мустафина Н. Е
				7		I -топ Бейсенбі II-топ	15:30	

10	Қорғалжын аудандық білім бөлімінің жанындағы «Р.Есімжанова атындағы балалар ән күй мектебі» Жантеке филиалы Вокал үйірмесі	1-5	4	10	14	Дүйсенбі Сейсенбі сәрсенбі	15:00	Айкишев Б.
----	--	-----	---	----	----	----------------------------------	-------	------------

Білім алушылардың жетістіктері: облыстық байқаулардағы нәтижелері

№	Байқау атауы	Оқушының аты жөні	Орын	Жетекші
1	7-8 сынып оқушылары арасында география пәнінен Ұлттық олимпиада	Шарипжан Айзере	III	Қошқарбаева М.Б.
2	Ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша «Қазақ тілі мен әдебиетінен»	Уызбаева Индира	II	Нығыманова Ш.Е.
3	Ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша «Қазақ тілі мен әдебиетінен»	Кенжетаева Арайлым	Сертификат	Нығыманова Ш.Е.
4	Жаратылыстану-математикалық бағытындағы пәндер бойынша ХМVI Президенттік олимпиада	Сейітжанова Назым	Сертификат	11-сыныптың жаратылыстану-математика бағытының мұғалімдері
5	Жаратылыстану-математикалық бағытындағы пәндер бойынша ХМVI Президенттік олимпиада	Шаукенова Жанеля	Сертификат	11-сыныптың жаратылыстану – математика бағытының мұғалімдері
6	«Менің шағын Отаным» интеллектуалдық конкурс	Мұхтар Әліби	III	Бектұрсынов Д.П.
7	«Мағжан оқулары»	Мұхтар Әліби	I	Нығыманова Ш.Е.

Аудандық байқаулардағы жетістіктері

р/с	Байқау атауы	Оқушының аты-жөні	орын	Жетекші
1	Ақберен «Ұлттық аспапта өнер көрсету»	Мухтар Әліби	2	Нығыманова Ш.Е.
2	Мағжан оқулары «Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған»	Мухтар Әліби	1	
3	Жас тарихшылар «Менің шағын Отанам»	Мухтар Әліби	1	Бектурсинов Б.П.
4	Графикалық сурет	Шарипжан Айзере	2	Сатеева Қ.С.
5	Пәндер республикалық олимпиада аудандық 2 кезең	Кежетай Арайлым	3	Нығыманова Ш.Е.
6	Нұр-Қорғалжым «Домбыра»	Мухтар Әліби	Газет басылым	
7	Дзюдо 38 кг	Узбай Иманәли	3 орын	Құдайбергенов А.Қ.
8	Абайдың кара сөздері	Зейнолла Дилара	1 диплом	Төлеубекова А.Н.
9	Дзюдо 50	Төлеубай Жансен	2 диплом	Құдайбергенов А.Қ.
10	«Абай оқулары» «Көңілім әнді ұғады»	Шарипжан Айзере	3 диплом	Төлеубекова А.Н.
11	Мәшһүр Жүсіп «Ұлы далаңа ұлы есімі»	Шарипжан Айзере	2 орын	Төлеубекова А.Н.
12	пән олимпиада орыс тілі	Сейтжанова Назым	2 орын	Тажмағанбетова Ж.
13	Дзюдо	Тлеубай Жансен	2 орын	Құдайбергенов А.Қ.
14	дзюдо	Тлеубай Жансен	3 ОРЫН	Енсебаев М.Т.
15	Жастар спартакиада «Үздік қорғаушы»	Жанайдар Шыңзат	ДИПЛОМ	Узбаев Б.В.
16	Жастар спартакиада	Сауытжан Диана	1 орын	Узбаев Б.В.
17	Жастар Бес асық	Сауытжан Диана	3 орын	Қайырбек А. Қ.
18	Кіші футбол	Узбай Иманәли	2 орын	Момбаев Е.Ш.
19	Кіші футбол Үздік қорғаушы	Узбай Иманәли	диплом	Момбаев Е.Ш.
20	«Бастау» математика турнирі аудандық кезеңі	Зейнолла Гүлзат	3 орын	Аснова М.А.
21	Бастау математика турнирі аудандық кезеңі	Қинаят Ақтілек	2 орын	Нуржигитова Г.О.
22	Абай оқулары аудандық кезең	Сауытжан Диана	3 диплом	Төлеубекова А.Н.
23	Шаңғы шақырады	Шарипжан Айзере	2 орын	Узбаев Б.В.
24	География пәнінен олимпиада аудандық кезең	Шарипжан Айзере	1 диплом	Қошқарбаева М.Б.
25	Абай оқулары Абайдың кара сөздері	Узбаева Индира	1 орын	Нығыманова Ш.Е.
26	Жастар спартакиада бес асық	Шарипжан Айзере	2 орын	Қайырбек А.Қ.

27	Абай оқулары «Өлең- сөздің патшасы,сөз сарасы «	Жанайдар Шыңзат	3 орын	Төлеубекова А.Н.
28	Пән олимпиада 2 кезең аудан Құқық негіздері	Жанайдар Шыңзат	3 орын	Досымбекова Ж.Ш.
29	«Ақберен» аудандық байқау шешенді білгірлік номинация	Шарипжан Айзере	2 орын	Төлеубекова А.Н.
30	«Муқағали оқулары»	Мухтар Әліби	2 орын	Нығыманова Ш.Е.
31	«Жастар» спорт жарысы	Орақ Әбдуәлім	2	Қайырбек А.Қ.
32		Төлеген Назерке	2	
33		Зейнолла Дилара	2	Нуртазин Қ.Е.
34		Уралова Мадина	2	Қайырбек А.Қ.
35		Уралова Мадина	2	Момбаев Е.Ш
36		Төлеген Мейірлан	Диплом	Узбай Б.В.
37		«Әбілхан Қастеевтың үздік шығармалары атты» «Жас суретші»	Смағұл Зейненұр	сертификат
38	Сауытжан Аяулым		1	
39	Табылды Мейірім		1	
40	Болатбай Аңсар		1	
41	Далабай Райымбек		1	
42	Шарипжан Айзере		2	
43	Іляс Жансүгіров оқулары	Шаукенова Жанель	2	Нығыманова Ш.Е.
44	Ақберен	Шаукенова Жанел	3	
45	М Мақатаев оқулары	Жақсыбаева Мерей	сертификат	Төлеубекова А. Н.
46	Зерде ғылыми жоба	Танаберген Жансезім	1	Қошқарбаева М.Б.
47	Зерде ғылыми жоба	Базарова Малика	1	Бейсенбаева Б.К.
48	Химия олимпиада	Тлеубек Анель	3	Ахметов Д.М.
49	Жаратылыс олимпиада	Уралова Мадина	3	Қошқарбаева М.Б.
50	Қазақ тілі олимпиада	Әлен Айдана	2	Зурашев М.С.
51	Ғылыми жоба	Бикен Жансая	2	Тусупбекова Р.М.
52	Ғылыми жоба	Жаманбай Айым	2	Сманова З.Б.
53	Ғылыми жоба	Жүніскызы Мақпал	2	Сатекова Қ.С.
54	«Жас құтқарушылар»	Абдуллин Арсен Хизарбек Алдияр Шарипжан Айзере Умирзакова Даяна	3	Кенжибаева Б.К.

Қорғалжын ауданы полиция бөлімі басшысының бірінші орынбасары полиция подполковнигі Қуанышов Дархан Ермекұлы мектептегі жеке профилактикалық шаралар жұмысы бойынша мектеп оқушыларымен кездесу өткізді. Кездесу барысында оқушыларға әкімшілік, қылмыстық құқық бұзушылық, әлімжеттік және бопсалау әрекетінің алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Кәмелеттік жасқа толмаған балалар арасында құқық бұзушылықты болдырмау жөнінде түсіндіру барысы сәтті өтті. Оқушылар Дархан Ермекұлына өз сауалдарын қойып, сол сауалдарға қонымды жауаптарын алды. Қазіргі уақытта жасөспірімдерге құқықтық тәрбие беру ең маңызды тәрбиенің бірі болып саналады. 8-11 сынып қызар арасында жасөспірімдер ерте жүктіліктің және зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатында қыздар арасында мектеп психологтары Ж.Смагулова, Б.Бейсенбаева ашық әңгіме алаңын өткізді. Онда қыздарға ерте жүктіліктің салдары қандай болады; оның адам өміріне тигізетін келешектегі қауіп-қатері қандай және зорлық зобылық туралы ақпарат берілді. Қыздар тарапынан сұрақтар мен пікірлер өте көп болды. Мектеп психологі Ж.Смагулова «Өзіңді қорғай біл» және «Менің орным» тақырыптарында тренинг ұйымдастырды. 7-8 сынып оқушылары арасында «Зорлық- зомбылықсыз өмір» тақырыбында сауалнама жүргізілді. «Менің көңіл күйім!» тақырыбында тренинг өтті. Мақсаты: Суицидтік мінез-құлықтың алдын-алу. Оқушылардың көңіл күйін көтеру, оқушыларды татулыққа, достыққа, жанашырлыққа бағыттау және жалғызсыраған оқушыларды бақылау, анықтау. Құқық бұзушылықтың алдын алу. Тренинг барысында әр бала өз көңіл күйі туралы бірнеше сұрақтарға жауап беріп, белсенділік танытты. Қорғалжын ауданы кәмелеттік жасқа толмағандардың істері жөніндегі учаскелік инспекторы полиция аға лейтенанты Саден Айтолқын Төлетайқызы мектептегі жеке профилактикалық шаралар жұмысы бойынша мектеп оқушыларымен кездесу өткізді. Кездесу барысында оқушыларға әкімшілік, қылмыстық құқық бұзушылық, әлімжеттік, бопсалау, мотоцикл мен автокөлікке мінуге тыйым және айыппұл салынатыны жөнінде нақты атап өтті. Жасөспірімдердің құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Кәмелеттік жасқа толмаған балалар арасында құқық бұзушылықты болдырмау жөнінде түсіндіру барысы сәтті өтті. Оқушылар Айтолқын Төлетайқызына өз сауалдарын қойып, сол сауалдарға қонымды жауаптарын алды. Қазіргі уақытта жасөспірімдерге құқықтық тәрбие беру ең маңызды тәрбиенің бірі болып саналады.

2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмыстарында өткізілген іс шаралардың тиімділігі, жаңашыл жобалардың іске асырылуы бойынша жүргізілген SWOT талдауы.

МЫҚТЫ ЖАҚТАРЫ	ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ
<ul style="list-style-type: none"> • сабақтан тыс уақытта үйірме жұмыстарының артуы • біртұтас тәрбие бағдарламасы арқылы құрылған «Даналық мектебі» бастамасының жүзеге асуы • ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы • табысты оқушылардың шығармашылығын шыңдауда жобалар арқылы дарындылығын ашуға мүмкіндіктердің болуы 	<ul style="list-style-type: none"> • республикалық, облыстық байқауларға оқушылардың аз қатысуы • өзін-өзі басқаруда білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерінің жеткіліксіздігі • дебат ашық алаңына білім алушылардың толық қатыспауы
МҮМКІНДІКТЕР	ҚАУІП-ҚАТЕР
<ul style="list-style-type: none"> • ата-ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, потенциалды біріктіру • республикалық, облыстық байқауларға оқушылардың қатысуын арттыру үшін мұғалім мен оқушының арасындағы сенімділік пен педагогикалық қарым қатынасты орнату • өзін-өзі басқаруда білім алушыларды қолдау арқылы көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру • дебат ашық алаңының жұмысын жүйелеу, білім алушылардың ой пікірлерімен санаса отырып, оқушы үнін ескеру 	<ul style="list-style-type: none"> • жас ата-аналардың бала тәрбиесіне жауапкершіліктерінің төмендігі • білім алушылардың компьютерге, планшетке, әлеуметтік желіге тәуелділігі • әдеби кітаптарды оқуға деген қызуғышылықтың төмендеуі

Қорытынды мен ұсыныстар:

Тәрбие жоспарын жүзеге асыруда оқу жылында жүйелі жұмыстар атқарылды. Тәрбие жоспары біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде әзірленіп, ұлттық құндылықтарға бағытталды. «Мектеп-ата-ана-оқушы» үштік одақтың ынтымақтасқан жұмысы жүзеге асырылды. Бала тәрбиесіндегі мәселелер жан-жақты талқыланып, өз шешімін қарастырды. Мектеп ұжымы білім алушыға біліммен қатар тәрбиені игертті.

2024-2025 оқу жылында:

- отбасының мәртебесін көтеруге бағытталған ата-аналармен бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру;
- ата-ана мен бала, отбасы мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты нығайту;
- оқушының үнін, пікірін тыңдау арқылы оқушыға сенім білдіре отырып, сынып көшбасшысы қасиеттерін дамыту;
- республикалық, облыстық байқауларға оқушылардың қатысу үлесін арттыру;
- жас ата-аналарға педагогикалық қолдау білдіру;
- білім алушылардың әдеби кітаптарды оқуы үшін мектепшілік жобалар әзірлеу;
- өз ойын, пікірін ашық айтуға дағдыландыру үшін дебат ашық алаңының жұмысын жандандыру.

мектеп директоры



Асанова

Қ.Асанова